


ТЕЛЖАН
ШОНАНҰЛЫ



ЖЕР

тағдыры

ЕЛ

тағдыры



Телжан ШОНАНҰЛЫ

съ

**ЖЕР
мәғдүрлік
•
ЕЛ
мәғдүрлік**

(Қазақстан Республикасының Білім министрлігі
көмекші оқу құралы ретінде ұсынған)

Алматы, «Санат» 1995

ББК 63.3 (2 Каз.)5
Ш 78

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Бұл кітап көрнекті әнциклопедист-ғалым, білікті педагог Телжан Шонанұлының туганына 100 жыл тулу мерейтойна арналады.

Басылымды дайындаш, соңғы сөзін жазған және библиографиясын түзгендер: тарих ғылыминың докторы, профессор Ә. Тәкенов, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның ғылыми қызметкері Б. Байғалиев, араб әрпінен қазіргі жазуымызға көшірген Г. Жұгенбаева.

Шонанұлы Т.

Ш—78 Жер тағдыры — ел тағдыры. 2-басылуды (Көмекші оқу құралы). — Алматы, «Санат», 1995.—224 бет.
ISBN 5-7090-0094-9

Қазақ халқының ардақты перзенті, көрнекті ғалым Телжан Шонанұлы 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болды. Автор бұл еңбесінде қазақтардың бұрынғы жер иелену тарихына, жерге деген көзқарасына, патшалық отарлау саясатына назар аударады. Ресей империясының ұлан-байтақ қазақ жеріне ынтыға көз салу себебін, бұл жолдағы айла-шарғысын, құйтырқы саясатын жанжақты даңделдей келіп, оның ақыры неге апарып соққанын, Кеңес үкіметі дәуірінде қазақтарды жерге қалай орналастыру керектігін көрсетеді.

Енбек 1923 жылы жазылып, 1926 жылы «Қазақ жер мәселесі тарихы» деген атпен Ташкентте тұңыш рет басылып шықкан. Баспа тараапынан бүгінгі талапқа сай аздаған редакцияланды.

Кітап студенттерге, тарихшыларға, көшілік оқырманға арналған.

Ш 0503020905—022 26—94
416 (05)—95

ББК 63,3 (2 Каз.) 5

ISBN 5-7090-0094-9

© Шонанұлы Телжан, 1995.

ҚАЗАҚ ЖЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Тұрмыс көркейіп, мәдениет ілгерілеу үшін отырықшылық көп әсөр беретіні көзі ашық, оқыған адамдарға белгілі нәрсе. Бұған ешкім таласпас. Қашанда, қайда болса да мәдениетті елдер — отырықши. Қала берді, отырықши бола бастаған соң мәдениеті арта бастаған. Өнер-білімі кем елдер тіпті тұрақсыз, қыдырма күйде, иә көшпелі. Бұл — талассыз шындық.

Соның үшін, әлі күнге шейін киіктей оргип, құландай жортып жүрген көшпелі қазактарға «отырықшылыққа айнал, озің үшін отырықши бол» деушілер көп. Бұл ойға біз де іркілместен қол қоямыз. Мұны, әрине, қазақ жұрты да түсінуі тиіс. Олай болмасқа тіпті мүмкін емес. Мәселен, киізі жұлым-жұлым, қамаса мың торғайдан бір торғай үстал қала алмайтын лашығыңды өрелі ақ киізбен жаңдегениңңайдалы ақыл екенін ұқпайтын қазақ қазақ па? Ал лашық жабарлық ақ киізді алатын жерін көзdemеске тағы болмайды. Олай болса, қазақ кенет бойсұнып, отырықшылыққа айнала бастағанда, орналасарлық, отырарлық жерлеріміз қандай? Қөп пе? Аз ба? Бар ма? Жоқ па? Осы жағын әңгіме қылсақ, мұнымыз қысыр кеңес болмас.

Бұл мәселенің жете түсінің, дұрыс шешу үшін соның мән-жайын, тарихын жақсы білу керек. Сондықтан қысқаша, келте ақылдан да мәселенің бастап-аяқ мән-жайын айқындау ұғымдырақ та, халыққа пайдалырақ та болар. Мәселенің мән-жайын, шама-шарқымызыша толығырақ түсінеміз десек, тарихымыздың ең болмаганды, мұнан екі жүз жыл бұрынғы дәуірінен бастап, бері қарай жолаушыламасақ болмайды. Мәселенің мәні зор жоне қашаннан қазақтың көкейін кесіп келе жатқан әңгіме. Сондықтан «аяғымыз ауырады» дегенге қарамай, оқушымен бірге шеті күңгірт тартқан ескірек заманиң ішінен өз заманымызға қарай аяцдамасақ болмайды.

Қала берді, бізбен төсекте басы, төскейде малы қосылып жатқан, мәдениеті бізден жоғарырақ сыйбайластарымыздың (сыйбай — жақын, аралас-құралас — Ред.) арасында осы күнге шейін қазақ көшуге көндігіп кеткен, отыра қалып, кент салтына түсіп, дуаш тұрмысына көндіккісі келмейді, оқығандары неге үғындырмайды еken деген пікірлерді де табуга болады. Соңдай пікірлерді едәуір оқыған орыс азаматтарының аузынан талай естіп те жүрміз. Откен 1922 жылдың аяғында да естідік. Бұлай ойлау.— қате. Бұл — жаңылыс пікір. Бұл жетіспеген, үстірт адамдардың ойы. Бұл — бір. Екінші, қазақ жайын қаша білемін дегенмен, біліп жетіспегендердің ойы. Үшінші, қаша оқыдым дегенмен, тарих заңын түсіне алмағандардың ойы.

Қазақ бұл күнге шейін ерігіп көшіп жүрген жоқ. Тұрмыс, табиғат заңдары қазақты амалсыз көшіріп келді. Қазақтың көшүін «дагды» дей-ақ қоялық. Ал дағдының өзі не? Дағды дегеніміз — салттың бір атасының ұлы. Ғылым тілімен қысқаша айтқанда: салт — өндіріс қатынастарының, тұрмыс жүйесінің үстіндеғі бір қондырманэрсе. Қазақша айтамыз десек: тұрмыс жабдығы — адам тұрмысының, салтының, барлық әдет-ғұрпының, сол айтып отырған «дағымыздың» — бәрінің кожасы. «Ас — адамның арқауы» дегендей, тіршілік жабдығы дегеніміз — салт-сананың, әдет-дагдының, заң мен діннің — бәрінің арқауы. Соңдықтан қазақ кошпелі болуының да арқауы — сол тіршілік жабдығы өндіріс қатынастары болмақшы. Сол кошпеліліктің арқауы қайдан шыққанын жоғарыдагы қате түсінушілер білсе еken дейміз. Ол арқауды төменде корсетпекпіз.

Әсіресе, Қеңес үкіметі социал негізіне сүйеніп, жер мәселесін шешуге, жүзеге асыруға, елді қоныстандыруға тұрғанда, қазақ жерінің тарихымен танысу өте керек деп санаймыз.

I. ЕСКІ ЗАМАНДА ҚАЗАҚ ЖЕРДІ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНҒАН?

Мұнан әлденеше жүз жыл бұрын өмір сүрген қызылбас халқының даңқты ақыны, жазушысы Фирдауси деген кісі (Фирдауси Шыңғыс заманынан бірнеше ғасыр ертегек омір сүрген) «қазақ елі — жауынгер, шабаганшыл көшпелі» дейді.

Шабаганшыл — ескі сөз; тұбірі — шабу, мәнісі — жауынгер, көкнайза деген. Ескі жырларда батырлар, мәслен, былай деп келеді:

Орақтың ұлы Қарасай,
Шабаганшыл ежелден
Батыр ердің баласы-ай,
Қатуланып, қырланды,
Қатты жаман шамдаңды.

Фирдауси сөзіне қарағанда, біздің бабаларымыз X ғасыр шамасында көшпелі. Көшиелі халық шабаганшыл болатыны рас. Мұны тарих корсетеді. Неге десеңіз, кошпелі ел мал асырайды. Мал бағу — шаруашылықтың бір жүйесі. Аңшылық та — шаруашылықтың бір жүйесі. Егіншілік те — бір жүйесі. Шаруашылықтың әр жүйесінің өнімі әр түрлі. Аңшылықтан мал бағу, мал багудан егіншілік тиімдірек, өнімдірек. Ел көшпесе малдан өнетін бұйым көшпелілерге жетіспейді, қоныс тарылады. Мал жұтап, адам түрлі қыншылыққа ұшырай береді. Сондай кезде көшиелілер иә егіншілікнен айналысусы керек, иә қоныс кеңіту үшін сыйбайлас (шектес, көршілес.— Ред.) елдермен амалсыз согысусы тиіс. Орташы дәуірдегі Еуропаның үздіксіз қанды согыстарының мықты бір себебі — осы қоныс тарылуы салдары. Көшпелі қазақтың жауынгерлігінің дерегін — осы қоныс таласы деп ұғыну керек.

Қолдан, күштеп өріс, қоныс кеңіту қын. Соның үшін қандай көшпелі ел болса да, ерте ме, кеш пе, амалсыз ди-

қаншылыққа айналмақ. Қесіптің өнімдірек түріне кіріспек.

Байқап қарасақ, оте ескі заманда да, қазаққа ислам діні әсерін әлі жая алмай тұрган кезде, «Алла»-ның атымен шала таныс кезде қазақ егін егіп, күн көргенін аңғарымыз. Мұнаи 50—60 жыл бұрын қазақ тұрмысын, әдетзацин шұғылданып зерттеген Сейдалыұлы Тілеу деген кісінің тасқа басылған мақалаларында мынадай өлең бар:

Шығырдың түи атасы — Әлі Шынар,
Шығырга сиынбасаң шығыр сынар.
Шығырга Әліменен коп сиынсаң
Кашанда егін бітіп, көңіл тынар.

Ескі замандарда да қазақ егін салудан қашпақ түгіл, шығырмен суарып, арық қазып, диқаншылық қылғанын жоғарғы ескі өлең корсетеді. Бұрын ислам діні бойына сідбей тұрган кезде, қазақ жылқы атасы — Қамбар, түйе атасы — Ойсылқара, қой атасы — Шопан, Шығыр мен егін атасы — Шынар дең сиынған. Біздің Шынар орыс халқының бұрынғы бабалары славяндардың «Даждь бог» дегені, Шопан мен Ойсылқаралар «Велес» дегені, Гайса дінін алмастап ілгері кездегі құдайларына дөп келеді. Тілеу кезінде Торғай қазақтары шығырмен де егін салады екен. Егін салып болып, той қылыш осы өлеңді айтады екен. Тілеу маелұматынша, ескі замандарда қазақ жер жыртып болып, той қылыш Шынар бабага сиынып, осы өлеңді айттыны. Тұрмыс жұринағы әдебиет, салт болса, Тілеу сөзі дұрыс.

Фирдауси заманында оған белгілі қазақтар көшпелі. Олай болса, шығырмен суарып, егін салу онан соң дең айттуға болады. Мәскеудің «Ивандары» кезінде қазақ мемлекеті Түркістанда болуы анық. Осы шығырмен егін салу ең бері болғанда, сол Түркістанда тұрган дәуірден басталады. Қолмен суарып, егін салғанда, жер бүтін қоғам басқаруында болған. Жеке арық қазып, жеке егін салу әр үйдің, иа әр шаруаның қолынан келмейді. Көшпелі елде қоныс жалпыға ортақ. Әркім жеке қоныс меншіктей бастау аз-мұз отырып, егін салып, пішеп шаба бастағанда шыгады. Олай болса, ерте замандағы қазақтың қоныс билеуі мен жер пайдалануы — жалпы қоғамға ортақ болған десек қателеспеспіз.

XVIII ғасырдың 20-жылдары кезінде қазақ жоғардан жеңіліп, «Ақтабан шұбырындыға» үрінди. Әрі жеңкін бері жоцқін, ақырында Орта жүз бен Кіші жүз Сарыарқаның — Алғидың құба жонына қарай ағылады. Сарыар-

қаның беліне қарай ысырылады. «Алғидың құба жоны» деп Сарыарқа белінің Атбасар, Торғай, Қостанай уездеріндеғі созылған жонын айтады. «Алғидың құба жонында» деп қазақтың ескі жырларында келеді. Рычков «Топографиясында» сол жотаны Алғидың жоны деп жазады. Сол доцшемен қосын жүргізген Алғи деген бір батыр екен дейді ескі тарихны Рычков.

Жем, Ор, Ырғыз, Торғай, Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу басы, Қерей, Қышишак, Қосқөң, Құланөтпес, Терісаққан алаптарына келіп құлады. Жем бойында қалмакты, Тобыл бойында башқұртты (қазақ кейде естек дең те айтады) қонысынан аударып қуды. (Сарыарқа — Талдың жері.)

Адам баласы қашан да болса аз еңбектен көп пайда шыгаруға тырысады. Бұл түсінікті нәрсе. Адам оз күшін сақтаудың бұл себеп болады. Адам күші сақталады. Мақонысына келген соң қазақ оқайырак кәсіп мал бақпаі қынырак егін жұмысына кірісе ме? Қазақ табигат пе тұрмыс заңы бойынша амалсыз таза көшпелі болды. Е жатқан сары далаға қожа болды.

II. ҚАЗАҚ ЖЕРДІҢ ҚАДІРІН ВІЛЕ МЕ?

Біз түсіндірмей-ақ қазақ жердің қадірін аса жақсы біледі. Оны тарихи тұрмыстың тоқпағы үйреткен. Жер шаруаға қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылуға керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер — анасы, мал — баласы», «Жері байдың — елі бай» дейді ел. Халық ақынның аузымен: «Жайықтың бойы жайлыш қиян, Маңғыстаудың бойы шаңды қияп» дейді. «Кек Есілден кеткен соң, жылқының қонысы табылmas» дейді. «Аңының бойы айтакыр, алалы жылқы жусап тұр», «Шыбышым лақ салмаған, тоқтым қысыр қалмаған» дейді. «Қалдығайты, Былдырты жер орнегін қарасаң, жөдесінің түбі сайын бір жылқы» дейді. Бұл — жердің шаруаға жайлышы туралы қазақтың көзқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Маңғыстаудың шаңды қияны» тәрізді жерлер қонысқа тұлға болмайтынын қазақ жақсы біледі. Жерден айырыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғызынан айырылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың бір себептермен шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері — өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей. Қенесары қоныстан ауарда Досқожа ақын былай толғайды:

Мына жатқан саргайып,
Салынды қона, қамысым..
Салық ауылы қыстаған
Іргем тиғен танысым.
Бұл қоныстан кеткен соң
Көбеймес не екен налысым?..
Артымда қалып барасың,
Бастары самал, тауларым!
Арасы биік бауларым,
Кестемің деген есте жоқ,
Кетірді дүшпан-жауларым!
Сарқырап ақсан тастақтан,
Сабадағы сары қымыздай
Сарқырап ақсан бұлағым.
Тобылғылы қалың тогайдан
Есепсіз өрген тышқандай
Алтайы қызыл тұлкі еді
Ұлдарым күген тымағым.
Қадіріңді білмедім,
Аман бол, қайран шырағым!..
...Шағырлы жусан, изеім,
Қоныстан ауып күйзелдім,
Үйдің жоқ, орі жоқ,
Ат тайғанар жері жоқ
Жазып салған мақналдай
Аман бол, құмайт жерлерім.
Осылар еске түскенде
Қайрымассың ба, ерлерім!..
Артымда қалып барасың,
Қарағайлы Шұбарым!
Қызығын көрген слімнің
Енді білдім жыларын..
Ағашым естен кетер ме?
Жапырақ жайып гүлденіп,
Көгеріп тұрган мұварым!
Қарағайым, қайыңым,
Жоқ еді қоныс айыбың.
Алты ай жаздай бір көшпей,
Үлбіреген торғыпдай
Кірсіз еді зайдыым...
Артымда қалып барасың,
Құркіреп жатқап озенім
Өзеннің бойын бос қойып,
Сыртқы көгін жегенім,
Құр атыма теңелген,
Жазғы мінгел көбедім.
Қонысым қолда тұрганда
Болашақ еді дегенім.
Ат мінің, жарак асынған
Сағынар мырза өз елін.
Құнде базар Есілді
Хаджымыз неғып сағынбас?
Бұл қоныстан кеткен соң,
Кемімес не екен жарым жас?
Еті тәтті, сүті бал,

Исі жұпар аңқығаі,
Сары қарда жайылған,
Сары аязда жусаған,
Көк Есілден кеткен соң,
Жылқының қонысы табылмас.
Семіртуші еді жылқыны,
Қом жасатқан түйеге,
Алабота, тарлаумен
Қараойға біткен бетте
Адыра қалғыр Құлманбес
Кенекем сенен айрылды...

Қарға бойлы Қазтуған батыр қонысынан ауди бара жатып Шеркөнтімен (Шеркөнті Қазтуғанның замандасы, батыр Бұлар Еділ — Жайық арасынан ауган деседі) қоштасын тұрып, қалып бара жатқан қонысына қарап толғайды:

Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалды-ау қонысым!
Қонысымнан ауған соң,
Кемімесе игі еді ырысым?!
Таудағы тарлан бөрі едім,
Тарылғанға үқсайды тынысым...
...Нарын, сені қайтейін,
Жатып қалған боз тайлақ
Атан болып ерген жер.
Жатып қалған бір тоқты
Мың қой болып өрген жер.
Атамыз қазақ ежелден
Анықталыш тұған жер,
Кіндігімді кескен жер,
Кірімді аппақ етіп жуған жер,
Жайық, сені қайтейін!
Ағашың айбар көрінген,
Жапырағы жерге төгілген.
Жапырағы жасыл ала қамқадай,
Бұтағы бұрама күміс алқадай.
Балдырғаның білектей,
Баттауығың жүректей,
Бұташығың мұнардай...
Жолдасың жолай іздеген
Өзіне тиген дүшпаның
Қарт бурадай тістеген,
Қарғадай бойлы Қазтуған
Қайғыланып барамын,
Ногайлы-қазақ елімнен!
Ақсүңқар едім, мен ұштым,
Қауырсының тұлеген,
Қалыңды, қона колімнен.
Дұлығалы қара нар едім,
Қатарланып барамын
Карғадайның шарының шарының

Жаратты ма екен құдайым,
Тек қайғыға шіріш, өлуге,
Бала үшін туған кейіннен...

Міне, қазақтың жерге көзқарасы! «Үлдиң жок, өрі жок, ат тайғанар жері жоқ, жазын салған мақпалдай», «Күнде базар Есілге», «Жатып қалған бозтайлақ атан болып ерген жерге», «Жатып қалған бір тоқты мұңқой болып өрген жерге», «Жапырағы жасыл ала қамқадай», «Бұтағы бұрама күміс алқадай» ағаштарына орнығыш, қазақ неге отырмайды?

Бұл көдесі мақпал түгіндегі, көк майсалы жерлердің тарихын тәменде баяндамақпаз.

III. ҚАЗАҚ ЖЕРІ МӘСЕЛЕСІНІҢ ДӘУІРЛЕРИ

Қыс бойы жерді көрпедей жауып, тоқазып жатқан қар күннің көзі жібіткен соң, жазғытұрым еріп, су болып, орнында тұра алмай амалсыз сел басып. сарқырап тәмен ағып ылди жерге жиыла бастайды. Ойпаң жерді көл қылыш жібереді. Су өте мол болса көлді толтырып жиектен де асады. Аласа жер тауып, амалсыз тағы ары ағады. Кей кезде адам баласы да қоныс ретіндегі тұрмыста, осы селдердің ағынына ұксап қозғалып, қимылдаپ, елдің бірсыншырасы ата-баба қонысын тастап, жат жерге ауа бастайды.

Міне, осы сияқты ауып, екінші жерге қеліп орнығыш, мекен теуін, жаңа қоныстың игілігін көре бастаған адамдарды Еуропа тілінде «колонист» дейді, қазақша «келімсек» деп айттылады. Отаршылдар орнаған, орнап жатқан қонысты еуропаша «колония» дейді, қазақша «отар». Ағып келе жатқан судың тасқынына бөгет, кесе соқса, ағын тоқталмақ, иә ағыстың құшімен бөгетті бұзып, су өзінің тоқтарлық жеріне барып, тыншымақ. Бөгет бұзуға су да құш жұмсайды. Осы сықылды отаршылдардың алдына да тұрғын ел бөгет болып, қарсы тұрмак. Тұрғын елді бұктемеде қалдырып, отар жерді жем қылуға отаршылдар құш жұмсамақ. Құшке қосып, еп те жүргізбек. Отаршылдардың тұтынатын ебі мен көнін еуропаша «колонизаторство» дейді, қазақша «отарнылдық» деп айтады. Орыс ұқіметіне, орыс жұртына қазақ жері орыс қол астына кіргенен бастап «колония» — отар болып келген. Отаршылдардың көшу, қону һәм жаңа қонысқа орнығу ретін, ғылым тілінде «колонизация» дейді, қазақша «отарлау» дейміз.

Қазақ жерін орыс халқы отарлауы екі түрлі болды:

бірі — орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлауы (вольная колонизация). Екіншісі — ресми отарлауы (правительственная колонизация).

Орыс ішінде түрлі саяси, діни һәм шаруашылық жағынаң қорлық, зорлық, қысымылық, кемшілік көргендер шым-шымдаң қашып шығып, қазақ жерін иемденген. Қала берді, қазақтың аңқаулығына сүйеніп, жерінің байлығынан пайдаланғысы келген саудагерлер, талапкерлер де Ресейден шығып, қазақ жерін отарлай бастаған. Міне, осыны орыс халқының өз бетінше отарлауы деп атайды. Бұлайша ешкімнен сұрамай отарлау қазақ орыс қол астына қарағап көзден-ақ басталады. Бұл түрлі қалып әлі жетіскең жоқ. Мәселен, «1920 жылы Оралдан келген мұжықтар Әлімбет, Теректі, Ақтөбе болыстарының жайлauы һәм Ақтөбе болысынан — 2, Теректіден — 3, Әлімбеттен — 3, барлығы 8 ауылнай 1911 жылдан бері егін салып отырған Үлкенкөлін басып қонып, әлі иемденіп отыр. Орыс 52-ақ үй» («Еңбекшіл қазақ», 1923ж., 64-нөмірінде).

Ресми отарлау дегеніміз — үкіметтің рұқсатымен үкімет корсеткен жерді меншіктең отарлау. Бұл түрлі отаршылдық та қазақ орыс қол астына кірген мезгілден басталады. Бұл күнде Кеңес үкіметі отаршылдық жолы жойылсын деп отыр. Сырттан переселениені (отарлаудың бір түрі, баяғы мұжықты қазақ жеріне көшіру сияқты), автопомиялы республикаларды жабу иә ашу мәселесін ВЦИК-тің билігіне қалдырып отыр. (Жер кодексінің 223-бабы). Бір жердең екінші жерге көшемін иә қоныс қараймын десе, әркімнің ықтияры бар (Жер кодексінің 222-бабы). Қазақ жерін көп талаган, қазақ шаруасына көп кесірі тиген — ресми отарлау. Соның үшін әңгімеміздің кіндігі ресми отарлау жайында болады.

Қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшашыл үкімет қазақ жеріне жерік ауруға ұшырап қол сала бастаған. Қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге белуге тура келеді: 1) Орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайdasына, әскерлік кіслердің пайdasына деп жер алу дәуірі. 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі.

IV. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОРЫСТЫң ҚОЛ АСТЫНА КІРГЕНДЕГІ ШАРТТАРЫ

Ескі үкімет заманында оқымаған байтақ ел тұгілі, жер мәселесіне ат үстінен таныс ел арасындағы оқыған азаттар ішінде де үкіметтің қазақ жерін алуының жолсыздығын корсету үшін: «Біздің Әбілқайыр кезінде орыс патшалығына бағынғанымызда біздің жерімізге тимейміз деген үкіметтің уәдесі бар» деушілерді табуға болатын еді. Аның халықтың көбі де осылай деуші еді. Бұлай деушілік — бір жағынан, айтушылардың аңқылдақ ұшқарылығын, екінші жағынан, іспен жете таныс еместігін байқатуши еді. Аңқылдақ ұшқарылығын «сол өзің берген уәденді өзің жұттың» деп, бетіне қалың көн жамаған ескі үкіметті ұялтам, кінәсін бетіне басам деу іспен жете таныс еместігін көрсетеді. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» сергелдецине түсіп, ата-қоныс мекені Түркістаннаш көтеріліп, ел басынан бақ, ұл атадан, қыз анадан айрылып, жөңкіп, босын келе жатып:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Кошкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұрттың айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман, қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман!
Шұбырганда ізіңен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстап жаман!
Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?
Атадан ұл, анадан қыз айрылды,
Кел қылыш кездің жасын ағызамын!—

деп жылап, шұбырып келіп, Орта жүз бен Кіші жүз Жем, Елек басы, Ор, Тобыл басы, Есіл, Нұра, Сарысу, Қаракеңір, Сарыкеңір, Жаманкөң, Жақсықон, Керей, Қыпшақ, Терісаққан, Ырғыз, Торғай өзендерінің бойына құлаган. Ол кезде Жем мен Електе қалмақтың торгауыт деген руы тұратын. Тобыл, Үй, Бозбие бойларында башқұрт, Сібір жонында, Ертіс өлкесінде қалмақ, Темірқазық жағында орыс пен Сібір татарлары тұратын. Қазақтар келген екпінімен қалмақ, естекті бірін Жайыққа, бірін Орал тауына қарай асырып жіберіп, қостарын алған. Шақырусыз келіп жерін алған «әдепсіз» көршілеріне наразылық жүзбен қараап қалмақ пен башқұрт қазаққа дүркін-дүркін шабуыл жасап, мазасын алып тұрган. Сыбайлас елдерге аламанга («аламан» деген алуудан шықкан түріктің сөзі, магынасы

жауға аттанған күш деген) Оралдың атты казактары да шабағаншыл көршісін жаратпай оқтын-оқтын шайқасын тұрган. Батыс тұстар аламаншыл түркмен күнде ат ойнатып, оңтүстік шетте қарақалпақ пең сарттаң да мазасы кетіп, Қытай жақ қабырғасынан жоңғар ығырладап, өте қысаңдың күйде тұрганда қазақ орысқа бағынуды ойлаған. Айнала тұрган жаудың дүмпуімен орыстың қол астына кірген қазақ өзіне тиімді негізгі шарттарды қоя алмаганы анық. Ол шарттың сөзін түгел келтірсек, бұрын оқымаған қыр қазағы танысадар һәм негізіне түсінер деген оймен қазашалап, сөзін түгел келтірмекпіз. Қатын патша Анна Ивановна Әбілқайырдың жіберген елшілеріне «қазақ елін қол астыма алам» деп жіберген грамотосы (жарлық хаты) міне:

«Ресейдің қол астына алу туралы бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қыргыз-қайсақтың аламанына берілген жарлық хат. Құдайдың жарылқасыны арқасында біз, ең нұрлы, ең қуатты ұлық ханы Анна Иванқызы барлық Ресейдің патшасымын һәм жеке-жалғыз билеушісімін және тағы басқа дәрежелер иесімін. Қыргыз-қайсақ ордасының бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қайсақ аламанына патша қазіретіміздің жарылқасыны жаусын. Сен Әбілқайыр ханның елшілері Қомтайұлы Құттымбет пең Қойдан-құлұлы Сейітқұл арқылы барлық жерің, еліңмен біздің қол астымызга кіріп, Ресейдің қараашаларымен һәм башқұрттармен тату тұрамын деп жазған тілегіңізді біз көрдік. Әбілқайыр ханның елшілері, сені қайсақ аламанымен бірге біздің қол астымызга мына шарттармен кіргің келеді деп баяндады: әуелі, сіз біздің патша қазіретімізге шын көңілмен қызмет қылыш, башқұрттарша салық төлегіңіз келеді. Екінші, Ресейдің қараашалары тарапынан сізге ешбір соққы һәм талан-тараж болмаса еken дейсіз. Үшінші, сіз қайсақтарға бір жау тие қалса, біздің патша қазіретіміз, сіздерді Ресейдің басқа қараашаларымен тең кіріп, қорғаса еken дейсіз. Төртінші, башқұрттар һәм Ресейдің басқа қараашалары алыш кеткен жесірлеріміз қайтарылса еken дейсіз. Және біз де тұтқынға алған орыстарды қайтарып, башқұрт һәм қалмақтармен тату тұрамыз деп уәде бересіз. Біз ұлық ханым қазіретіміз, бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қыргыз-қайсақ аламанына жарылқасынымыздың тигізіп, жогарыда жазылған шарттарыңызды тілегіңіз бойынша қабыл алыш, сіздерді қол астымызға кіргізуға бүйрек еттік. Соның үшін, сіз Әбілқайыр хан һәм барлық қайсақ аламаны біздің патша қазіретімізге

нәм біздің орынбасарларымызға шын көцілмен қызмет етуге тиіссіңдер. Бір жерге қызметке бар деген патша қазіретімізден жарлық бола қалса, Ресейдің барлық қара-шалары мен башқұрт һәм қалмақтарымен қатар тартынбай, көрсеткен жерге барасындар. Жайықтың атты казактарына, башқұрттарға, қалмақтарға һәм басқа қарашибаларының тимей, оларға қарсы жорыққа аттанбай, зәбірлемей, тыныш-тату тұрасындар. Сіздің ордацызға арнал шыққан, болмаса сіздің ордацыз арқылы өтіп бара жатқан саудагерлердің керуеніне жол тоқтату қылмай, зәбірлемей, қауіпті жерлерден өтерде қорғап, жәрдем бересіңдер. Сен. Әбілқайыр ханның елшілері біздің дидар шартымызды қөрді, Мәскеуде тұрганда оларға нәпақа беріліп тұрып, қайтарында біздің тараңымыздан алапа берілді. Енді олар, сен Әбілқайыр ханға қайтарылды һәм олардың жолына келік һәм напақа берілді және сен, Әбілқайыр хан, біздің патша қазіретіміздің жарылқасының дәмелен. 1731 жылы, ақпанның 19 күні, біздің патша болғалымыздың екінші жылы Мәскеуде берілді».

Міне, Әбілқайырдың атақты шартыйның нұкте қалдырмай жазғандағысы. Бұл шарттан жер жайында деректі әңгіме болмағаны анық көрінеді.

Г. Н. Потанин айтқан: «Сібір — Ресейге сыйлық болды» деп (Потанинің «Сібірдің басындағы мұндары» деген мақаласында. «Деврнен» баспаханасы. 1908 жыл, 293-бет). Сондай-ақ қазақ жері де Ресейге тегін сыйлық болды. Эрине, әңгіме қойылған шартта емес, кейінгі істе болуға тиіс. Біз енді сол іс жайын баяндамақпаз.

Ресейдің қол астына кіргеннен бергі қазақ жерінің тарихы — колония тарихы. Колония тарихы — бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы. Адам баласының тарихын, тұрмыс салтын өзара қатынастарына бағытқа салып мұрындықтап, жетелеп жүргізіп отырылатын мықты күш — кәсіптің, өндірістің әдістері. Үкімет саясатында әсер беруші, міне, осы күш. Колония саясатында бағыт беруші сол. Бұл даусыз шын.

Қазақ жерінің мәселесі — орыс мемлекетіндегі колония саясатының тұп-тамырын білмей тұрып түсініксіз. Соның үшін біз енді XVIII ғасырдың бас шеніндегі колония саясатының ашық һәм бүркемелі себентерің оқушы зейініне ұсынбақпаз.

Казак-орыстарға алынған жерлер, қазақ даласында салынған қамал һәм қалаларға кесілген жерлер туралы әңгімелемекпіз.

V. ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІН АТТЫ КАЗАКТАРҒА ТАРТЫП АЛЫП БЕРУШІЦ СЕБЕПТЕРІ

Қазақ жеріне ресми жолмен мұжықты отарға айдау еткен ғасырдың 80-жылдары аяғынан 90-жылдары басынан майданға айқындалып шығады деп жоғарыда айттық. Бұл дәуірге шейін үкімет қазақ жерін атты казактар һәм түрлі қызметтегі адамдар үшін талаң, телімге салып келді дедік. Ол талаңған жерлерді бастаң-аяққа қарастырмастан бұрын, сол талаудың тамыры қайдан шыққан, себебі не, соны оқушылардың зейініне ұсынып өтпекпіз. Үкіметтің қазақ жерін атты казактар пайдасына телімге салуының зор шаруашылық, европашағылым тілімен айтқанда, экономикалық себептері болды. Шаруашылық деғеніміз — өндіріс жұмысы, өнімді бөлісу жолы. Бұл екеуі өндіріс қатынастары орысша, Маркс бейнелеуінше, «производственные отношения». Марксшіл экономикағылымы сипаттауынша, әлеумет түрмисының діңгегі, негізі осың өндіріс қатынастарының үстіндегі бір «қондырма». Мысал келтірсек, өндіріс қатынастары табиғаттың жағдайы һәм жердің қүйқасы да, ал саясат осы шарттардың ыңғайына қарай болатын жер бетінің түгі. Соның үшін, табиғат жағдайына қарай шөп шығатындей, өндіріс қатынастарына қарай саясат болады. Бірақ өсіп алған жер түгі табиғаттың басқа жағдайына (мәселен, ауасына, топырағына) әсер беретіні сияқты, ұсталып тұрган саясат та өндіріс қатынастарына, шаруашылыққа зор әсер береді. Қазақ жерін талаудың түп себебі шаруашылықтан шықса да әлгі баяндауымыз бойынша, бұл түп себептен саяси себептер һәм мақсаттар да шығып, түрмисқа уытын жайды. Сонымен қазақ жерінің алғаш талануының шаруашылық һәм саяси себептері болды. «Саяси себеп» деген сыйайы сөзді дұрыссырақ айтсақ мұны полицейский мақсаттар деуіміз деп, неге десеңіз, Ресейдің ішкі саясатында полицейский мақсаттардың дәурен сүрмелен кезін тарих білмейді, оны әлі әңгіме етеміз.

Қазақ орысқа багынардан сәл ілгерірек Ресейде сауда майданға шыға бастады. Сауда арқылы, яғни затты өндірушіден тұтынушыға тасымалдан жетістіріп, өндірушінің еңбегінің құнын кем төлеп, еңбек сорушы байлықты саудашыл капитал дейді. Саудашыл капитал — капитализмің алғашқы дәуірінде туады. Саудашыл капитализм ал-

ғаш кезде өзі тіпті зат өндірмейді, тек біреу істеген нәрсelerdі ғана алып сатып пайда қылады, бері келе ғана өндіріске араласа бастайды.

Өзі зат өндіруге мол қатысы бар капиталды — кәсіпшіл капитал дейді. Бұл капитализмнің соңғы түрі һәм саудашыл капиталдың ізінен майданға шығып, оның әзірлеп қойған орнын басып, өмір сүретін түрі. Еуропа, Америка, Жапония һәм басқалар осы күні промышленный капитализм сатысында түр. Кон мемлекеттерде бұл капиталдың «финансовый капитал» деген үлкен атауы өндірісті басқарып келе жатыр. Капитализмнің түрлері әлдепеше, бірақ біздің білуімізге керегі әзірше саудашыл һәм кәсіпшіл капитализм, бұл екеуінсіз қазақ жері талануы түсініксіз болмақ. Кәсіпшіл капитализм жорыққа шығып, дәурен сұру үшін керек бір шарт — жиылған үлкен дәulet, байлық. Міне, осы дәулетті жинап беруші саудашыл капитал. Осы дәулетті ғылым тілінде «алғашқы қор жинау» дейді. Алғашқы қор жинау үшін саудашыл капитал қашан да болса, қай жерде болса да байлығы бар, бірақ өнері төменірек жүрттарды қанап, сорып, тіпті жер үстінен жойып жіберуге тайынбайды. Мәселен, Еуропаның саудашыл капиталы алғаш бастап Азияны, соынан Африка, Американы тіп-тіке талап, алғашқы қор жинаған. Орташы дәуірде Еуропадағы христиандар Кіші Азиядағы мұсылмандарға қарсы аты шұлы, атақты айға қарсы «крест» жорығын бастауы — дінді бүркеніп, Азияның байлығын соруға істелген кәсіп болатын. Венеция һәм бірқатар генуялықтардың Стамбулды жеңіп алған, Византия империясының көп жерін өзіне қаратуы Византия саудасын езіп, Италия саудасының жолын алғының табиғаттың тоқтайтын тыңғысы еді¹. Крест соғыстарын Италия қалалары өз сауда мақсаттары үшін пайдаланды. Крест жорығындағылар Генуя, Венеция, Пиза кемелерімен пайдаланып, шығыста осылардың арқасында жер жаулап алған, талаған мұліктерін тасиды. Крест жорығындағылар Италия саудагерлерінің атқан оғы болды. Италиядықтар жәрдем көрсеттім деп, саудасы үшін артық құқықтар һәм кейбіреулері бүтін қалаларды өзіне қаратып алды. Мәселен, Генуя саудагерлері жәрдеміміз үшін деп Балловияны өзіне меншіктеш алды. Цезареа, Арсофа қалаларының үштен бірін һәм Құдыс, Яффа шаһарларының бүтін кварталдарын алды².

Саудашыл капиталдың аты тек сауда делінгені болмаса, іci — тонау, талау, қарақшылық. Соның үшін алғашқы Еуропа саудагерлері «Конкистадор» атағын алған. Ел-

ді талау үшін бұлар әскер жиып, қанды соғыстар да ашқан. Соғыс артынан жеңген елін тонаған. Мәселен, Американың Мексика деген жеріндегі Куско деген бір қаланы еуропалықтар шапқанда 33 млн марка алтын талағалған. Американың жаһалғыз Перу деген жерін алғанда, Еуропа әскерінің бастығы Писарро бір өзі 279 мың сомдық алтын алышп, қара солдаттың әрқайсысына 28—32^{1/2} мың сомнан алтын алышқан. Осы қомақты алтын іздегендегі дейін Америка сықылды жаңа жерлер ашылған еді. Христофор Колумб, Васко да Гама сондай алтын-күміс байлық іздені, шарқ үрушылар болатын. Еуропада орташы дәуірде құмтастан алтын жасаймыз деп әуреленген «алхимик» деген оқымыстылар, «Алхимия» деген ғылым болғаны — осы алтынқұмарлық, алтынға аңгары ашылғандықтан туған еді. Ислам дінінде де дұға көбейіп, құнсыз нәрсені дұғамен алтынға айналдыруға болады деп молдалардың, ишандардың шатасуын алтынқұмарлық деп түсіну керек. Писарролар тәрізді тіке талаудан басқа, Еуропаның саудашыл капиталы шет елдерді айырбас жолына талаған, тоңтап құлдыққа салып жұмыс істеткен. Қарсыласқанын жер үстінен жоқ қылыц жіберген.

Жаңа ашылған Америка, Африканың, Азияның кейбір жерлерінің алтын-күміс байлығын талау, елін қанап, қоңыр түстілерді құлдыққа сатып, жұмысқа салып, колония халқын кен қаздырып, жер астында тірідей шірітіп қыру, капитализм дәуірінің жаңа сарғайып атып келе жатқан таң мезгілі. Еуропаның байлығы колонияларының көз жасы, қаны,— дейді Маркс.

Енді сауда капиталының колониядағы қимылдарымен танысып, Ресей колонияларына келелік.

Жоғарыда айттық, Ресейде сауда капиталы қазақ орыс қол астына кірердің алдында майданға шыға бастады деп. Ресей тарихи шарттар бойынша, кенжелеп қалып, Үндістан, Америка, Африка сықылды алтынды бай колонияларға қолы жетіспей қалады. Петр I заманынан тұрмысының бірқатары еуропаша өзгере бастаған, саудасы һәм жан кәсібі де аз да болса дами бастаған Ресейге колония керек болды. Ол колонияны Ресей Азиядан іздеді. Әсіресе, Үндістанның алтынына жерік болды. Ресейге келген Хиуа елшісі Әшіrbай һәм түркмен Қожанепестің «Азияда алтын көп» деген сөздерімен, «Алтын ізден тап, Үндістанға шейін сенімді адам жібер» деп, Ақ теңіз арқылы Петр I 1716 жылы 1500 атты казак пен князь Александр Бекович Черкасскийді жібереді. 1717 жылы Черкасский әскерімен

Хиуа халқын қырған соң, Азияға Ақ тәңіз, Хиуа арқылы жол ашу болмайтынына Ресейдің көзі жетті. Осы Черкасскийдің жорығымен қатар 1716 жылы Омбы қорғаны салынып, «Ертіс басында Жаркент деген қаланың маңында таусымайтын алтын бар» дегенді естіш, Петр I Ертіс өрлең «алтынға жет» дегендегі подполковник Бухгольцті жұмсаған еді. Бірақ бұл екі жол да Азияның байлығына орыс үкіметінің сауда капиталының аузын оңай тигізбейтінін сезіп, үкімет орталықтан қазақ даласын иемденуге козін көптең алартып жүретін. «Қазақ даласының үстімен барын, Орта Азияны отар қылу һәм сауда, басқа кәсіп жүргізу ең әуелі Петр қозғаған ой»³. Петр жаш-жақтан Азияға кісі аттандыруы — европаша алтын, колония іздеуі соның үшін Петр қазақ даласын иемденіп, «сол жерге қайрат жұмсап, барлық оңтүстіктегі Азияға жол ашу керек» деген. «И через по своим героическим намерением путь вовсю полуденную Азию отворить»⁴. Петр мақсатына жете алмай кетті. Оның ойы Анна кезінде орыстың қол астына қазақ қарай бастағанда жүзеге шыға бастады⁵. Қазақ орысқа әуелгі кезде сауда жүргізетін отар болды. Оңай отар тапқан Ресей, Еуропаның саудашыл капиталы өз отарларына не істесе, қазақ жеріне де соны істеді.

XVII ғасырда Енисей қазақтарының бір ханы ханымымен екеуі «Жауымыз көбейіп, тынышымыз кетті, біз орыстың қол астына кірер едік» деп, Томның воеводасына келсе, воевода салған жерден ханымның үстіндегі қымбат құндыз ішігін нығынан сыпырып алып, қоя береді. Қазақ өкілдері қайтып кетіп, сойлесті догарып, орысқа өшігеді⁶.

Әбілқайырга берілген 19 ақпандағы грамотада орыс үкіметінің «Орыс керуенін қорғайсың» деген сөзі — саудашыл капитал қазақ жерін шыға көшіп, кіре жайласын деген сөзі еді. Азиядан отар жасап, қазақ даласын сорып, бірте-бірте Үндістанға қол салам деген мақсат еді. «Құдай қосса, бәлкім, бұл жерлерден басқа мемлекеттерден гөрі оңайырақ Ресей мемлекеті байлық, қазына тауыш алыш келер» дейді сенатқа берген баяндамасында Петр шәкірті Неплюев⁷. Орыс үкіметінің жатық тілімен айтқанда: Азия тұрпайыларымен шектес бетін қауіп-қатерден қорғау үшін қамал тұрғызып, әскер орнатамын дегені, яки Азияны, қазақты талаушы саудашыл капиталын орыс қаруының күшімен қорғап, қарсы тұрған «азиаттар» болса, қолымнан келсе жоғарыда айтылған арал елдеріндегідей тұқымымен жоқ қылуға тайынбаймын дегені еді.

Орынбордың бастапқы әкімі Кирилловқа берген нұс-

қауының 11, 12, 15-тармақтарында қатын патша Анна: «Қазақ жерінен алтын-күміс табуга тырысу керек. Соның үшін ең әуелі керуендерден қалдырмай инженерлер жіберілсін. Табылған алтынды закөнге сыйғызын алам деп әуролеібей, саудагер ретімен пайдаланыңдар», — дейді. Мұның мәнісі — қазақ даласының асты-үстіндегі байлықтың рақатын, қызығын орыстың саудашыл капиталы көрсін деген сөз.

Орынбор қаласы салынарда орыс үкіметінің саудагерлерге айрықша құқық бергені⁸, беріректе басқа қалалар саудагерлеріне де бостандық берілуі — саясаттың тізгіні қазақ даласында сауда капиталының қолына ауып келе жатқанын білдіреді. 1743 жылы Орынборда, 1750 жылы Троицкіде сауданы ұлғайту үшін мынанайлар (меновой) салынады. Қазақ даласының байлығын — алтынның, күмісін Ресейге тартуға қам қылышынады. Рычковтың есебінше, қазақ жағынан алтынып тұрған бұйымының ең көбі, ең ардақтысы алтын мен күміс болған. Қазақ даласынан Ресейге алтын, күміс кіріп тұрған, бірақ шықпаған. Бұл арыстанға түлкінің: інге кірген із бар да, шыққан із жоқ дегенін еске түсіреді. Неплюевтің Сенатқа берген есебінде қазақ жақтан 1748—1755 жылдары 50 пұт алтын, 5 мың пұт күміс алынғанын айтады. Есепке салынбағаны қанша екені, әрине, белгісіз. «Орыс саудагерлері бұл тиынға тиың пайда қылды» дейді, 1749 жылы Сыртқы істер коллегиясына берген баяндамасында Неплюев⁹. Ол кезде қазақ Орынборға қарайды. Орынбор уәлаяты орыс байларына майборық болғанына, Еуропа колонияларынан кем болмағанына бір мысал келтірелік. Қазақ орысқа бағынған соң, Ресей жағынан «адал» кәсіп ізден келген талапкерлер болған. Солар аз жылдар ішінде дүркіреп байып, көп жерге, көп құлға ие болған. Сол алғашқы байыған адамдардың ең ісі берекетті болғаны Неплюев әріптесі Твердышев деген. Орташа дәулет жинаған Мясников деген болды. Мясниковқа қазақ топырағы май болып жүққанын аңғарасың: «Мясниковтың әуелі іске кірісіп, зауыт ашарында 1756 жылы мойнында жарты миллиондай борышы бар еді, 28 жыл ішінде 8 мың мұжықты сатып алды, бірнеше зауыт ашты, барлық бұрынғы борышын өтеді һәм екі жарым миллион сом таза капитал жинап алды¹⁰. Отарын доғал орыстығына тартып, еуропаша жөндей алмады десек, Неплюевке, Мясниковтарға обал толық болмагандық болады. Осы сықылды отарды сорып тұрған капитал саясаттың жетегіне ермейді, саясатты өзі мұрындықташ,

жетелеп отырады. Осы зілді шаруашылық негіздік үстінде үкіметтің саяси мақсаттары бір «қондырма» нәрсе еді. Енді үкіметтің сол кездегі қазақ жеріне ұстанған саясатын шолмақпаз.

Бір үкімет халыққа қандай жағымсыз болса, бір ұлтты иә бірнеше ұлтты езіп, қорлықта ұстаса, жібімнің тігісін білдірмеймін, халықтың көзін алжастырамын деп, қол астындағы кемшіліктегі жүрген халықтарды біріне-бірін шоқпар ғып жұмсайды, араздастырады. Ондай үкіметтер елді жауластырсаң билейсің деген жолды тұтынады. Орыс үкіметі қашанда дұрыстық жолды білмейтін, соның үшін қол астындағы елдерді бірімен-бірін жауластырып отыратын. Колония қылыш талап жатқан қазақпен көрні елдерді ит пен мысықтай ғып қойса, үкімет өзінің қараңғы ісін бүркеніп, тыныш жалғастыра бермек. Үкімет сол кезде қазақ жерін атты казактарға алып берсе, бұл екеуі аразаспақ, тістеспек. Керек мезгілінде атты казак қазақтарға қарсы үкіметтің қамшысын соқпақ, қала берді, саудашыл капиталдың жолында кедергілер тұрса, оны сол казак-орыстар жоймақ, орыс капиталының қолындағы жансыз таяқ болмақ. Сонымен, қазақ жерін казак-орысқа алып берсе, үкіметтің әрі екі елді араздастырып, әрі сауда капиталының таяғын соғушы тауып, екі қоянды бір сілтеп ұрып алғаны есебінде болады.

Орыс үкіметінің ел арасын жарғыштасам бекем билейміз деген тәтті қиялды өлшештегенінен еді. 1745 жылы башқұрттар үкіметке тегіс көтерілген, үкіметтің Орынбор ишанын ақшага жалдал, башқұрттар қазақты бағындырамыз деп жасанып жатыр деп, ишан арқылы қағаз таратып шағыстырып. башқұртты қазаққа, қазақты башқұртқа қырдырғаны. Екатерина екіншінің тепкісіне шыдамай, 1772 жылы Еділ мен Жайықтың арасынаи Жоңғарға қашып бара жатқан қалмақтың торғауыт деген аталығын, сендерді талауға келе жатыр деп қазақты желіктіріп, қалмақты қазаққа қырдырғаны үкіметтің сол «жауластыр да биле» деген жолға әбден құныққаны еді. Қатын патша Анна Иванқызының Кирилловқа құпия берген үгітінде айтады: «Қазақты башқұртқа, башқұртты қазаққа қарсы сал, екеуі илана қойса, біріне-бірін шоқпар қыл, орыс әскерінің күшін күт» деп. Ол күшін күткен орыс әскерін орыс саудагерлерінің сауда капиталының қолындағы қазаққа қарсы жұмсайтын қару қылмақ. Үкіметтің бұл мақсатына қазақты әбден жуасытып, құрықсыз қолға тұргызсам екен, аранымды толық жүргізсем екен деген ниет қосылды. Бұл

талабына жету үшін ұкімет қазақ жеріне әскер орналастырып, жер беруге керек болды. Орыстың сауда капиталы қазақ жерінің байлығын ындынына салғанына місө тұттай, Азияны талаған үстіне таласам екен деп Бұқара, Балқ, Бадахшам, Индияда бос жатқан алтын бар, соны Еуропаға, әсіресе тойымсыз Англияға бермей, өзім жұтқыныма салсам деп ұмтылған. Орыстың тарих жазушы һәм Орынбордың алғашқы губернаторларының бірі Татищев айтады: «И таком заключается, что установлению спокойной и полезной коммерции в оных странах генерально надобно обладать землей Хивинской (курсив автора) и тогда наша намереваемая коммерция от Индии (курсив наш) и всех окрестных земель основав в Хиве, яко арсенал торговами промыслу с обеих сторон, произошло бы с наивящей силою и успехом»¹¹.

Міне, осы Татищев айтқан Хиуаны қамтамасыз қолға алып, Индияға дейін сауда жүргізу үшін де, қазақ жеріне әскер орнатып, жерін телімге салуға тиімді болды. Сауда капиталы Азияға қарай арапын аша ұмтылған соң, оны қорғау, оның таяғын соғуга, оның мерейін тұрғын елден артық қылуға қазақ жерінде қамал тұрғызып, әскерлік адамдар пайдасына қазақтан жер талау үкіметтің ұстанған жолы болды. Соңдықтан қазақтан әуелгі жер талаударын әскери колонизация деу дөп келер.

Бұл күнге дейін адам баласы тарихы тапсыз мемлекетті білмейді. Қай тап күші басым болса, сол таптың қолында мемлекет һәм саясат тізгіні болмақ. Батыс Еуропада, Америкада буржуазия табы басым, үкімет тізгіні бұл күнде солардың қолында. Ресейде еңбекшілер табы басым, соңдықтан мемлекет, саясат тізгіні еңбекшілер қолында. Осы қазақ жеріне әскери колонизация жасағанда, орыстың қалың халқы мұжықтар үшін болған жоқ, саудашыл капитал, саудагер байлар пайдасы үшін қажет. Неге десеңіз, ол кезде мұжық қолында мемлекет һәм саясат тізгіні түгіл, қара басының да еркі жоқ еді. Ресейді билеп-төстеуші сол ындыны ашылған байлар болды. Соның үшін қазақ жері талануын иә орыстың еңбекшілерінің, иә қазақ пайдасы үшін болды деуге сыймайды.

Сөзімізді қысқартып айтқанда, озса Орта Азия, Индияны, қалса қазақ даласының байлығын соратын колония қылуға орыстың саудашыл капиталына қазақ жері керек еді. Бұл талаушы капиталды қорғап отыруға қазақ жеріне әскер төгуге керек. Бұл әскерді орналастыру үшіп жерін телімге салу керек болды. Бұл қазақ жерін талау иә

қалың мұжық, иә қалың қазақ наидасы үшін болған нәрсе емес. Бұл істер жүзеге шыққанда, үкіметтің «жауластыр да биле» деген мақсатына жетпек.

Осы экономический һәм полицейский себентер салдарымен үкімет қазақ халқына Еуропа колонияларының таз кебін кигізуге айналды. Азияны Еуронаға аудыстырмай жүткіншімдегі жеке салам дегенінен орыс үкіметі бұрын, тәтті тілін жалаңдатып бауыршыл, діншіл, «славяншыл» болып, талай рет «шығыс мәселесі» дегенде келіп килігетін еді.

Осы бөлімнің бас жағында көрсеткен Еуропа колонияларының таз кебін Ресей оз колонияларына кигізе қойды ма деп бізге сұрау қойылса, иә кигізді деп батыл айтамыз.

Николайдың колония жаясаты шалқып тұрган кезде, колонияға қарсы сөйлеу жазықты болып тұрган уақытында З-Думаның З-маусым заңы шығып, «реакция» тұманы басып тұрганда Г. Н. Нотанин былай сипаттаган: «Шаруашылыққа, егіншілікке қолайсыз жерлерге құылыш шығарылған бұратанаалар жарлыланып, азын-тозып, ауру науқасқа шалдығын, өліп бітіп, құрып бара жатыр. Бірқатарлары жұмған аузын ашпастан, «өліп барам» деп қарсылық құлышпайтасаң жойылышпайтасаң бара жатыр, бірсыныраялары өдерінде бақырып кетіп жатыр. Бұған мысалы: биыл Ішкі істер министріне батыс алтайлық «душы» халқының «бізге жер үстінде орын қалмады» деп берген телеграмы» дейді.

Мұның Алтай халқының телеграмы той, қазагың қайда? деуге мүмкін. Олай деу қате, жетіспегендік болады. Әуелі Алтай, Сібір, қазақ даласы — бәрінің колониялық жолында үкіметтің қашаннаи бір қосақтап, көбінесе бір әдіс үстеган үлгілері. Шаруашылыққа жер беретіп, қазақ-қа шыққан нұсқаулар, заңдар көбінде Сібірге шығарылған заңға сүйеніп, құдды түгелімен жүргізетін, бұлардың басын байлайтын бұршағы басқа саналғанмен, жемісі бір болатын. Екінші, Алтайда отырған қазақ та көп, оны әлі алдымында кореміз. Үшінші, таң осы халге келген қазақтар, осы сияқты айқайды салатын да.

31 мамыр 1904 жылы Ертіс бойындағы ені 10 шакырымдық жер Сібір атты казагына берілуғе жарлық болып, 1909 жылы генерал Вологодский «жерден шық, кет, жоғал» деп, жарлық таратқанда, қазақ көшнейміз, көшсек — біз қырылдық деп, Қереку уезінің Ақсу, Алтынбай, Павлодар. Қараоба, Алқақөл болыстарына қараган 4 мың үй ортасынан өкілдікке Ғабдолжапар Айса баласы Бердалин-